Тіліміздің қолданылуы өз қолымызда екенін қашан түсінеміз...

Мемлекетіміз тәуелсіздік алған кезден бастап мемлекеттік тілдің қолдануы мәселесі ұдайы көтеріліп келеді. Қазақ тілінің мәртебесін жоғарылату, қолданыс аясын кеңейту бағытында бірқатар іс-шаралар да атқарылды. Қазақстан Республикасында «Тілдер туралы», басқа да заңдар қабылданды, ауқымды жоспарлар жасалып, шаралардың жүзеге асырылу мерзімдері көрсетіліп, орындалуары жауапты қызметтерге жүктелді.

Республикамызда мемлекеттік тіл туралы да көптеген сұрақтар туындады. Осы мәселе жалпыхалықтық талқыға салынғанда орыс тілін де мемлекеттік деп тану туралы ұсыныстар көптеп түсті. Дүниежүзі бойынша ең дамыған мемлекеттер қатарындағы Сингапурде төрт, Швеция мен Финляндияда екі мемлекеттік тіл ойдағыдай қолданылып, қоғамдық түсіністіктің сақталуына оң әсерін тигізіп отырғандығы мысал ретінде келтірілді. Талқылау ұзаққа созылып, соңында Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі - қазақ тілі болып айқындалып, Конституциямыздың 7 бабына енгізіліп, мемлекеттік ұйымдар мен жергілікті өзін-өзі басқарушы органдарда қазақ тілімен қатар орыс тілі ресми түрде қолданылады деп көрсетілді.

Мемлекетіміз тәуелсіздігін жариялаған жылдары ел арасында жүргізілген сауалнамаға жүгінсек, орыс тілін қазақтардың 100 пайызға жуығы білсе, қазақ тілін еркін меңгерген өзге ұлт өкілдерінің саны 1 пайыздан аспайтыны белгілі бол- ған. Өткен отыз жыл ішінде олардың қатары күрт өсті деуге еңү аса қиын. Ал орыс тілі уақыт өте шын мәнінде басымдық алып бара жатқандай әсер қалдырады. Осылайша атал-ған тілдің мемлекеттік тілмен қатар қолданылуы қазақ тілінің өрісін кеңге созуға мүмкіндік бермей отыр. Орыс тілінің - білімнің, ғалымның, дүниежүзіне кеңінен тараған, қала берді ха-лықаралық тіл екеніне ешкімнің күмән келтіре алмасы айдан анық. Ғалымдардың пайымдауынша орыс тілінің қолдану аясы соңғы жылдары біршама әлсірегеніне қарамастан оны әлемдік кеңістікте жарты миллиардқа жуық адамдар белсенді қолданатын көрінеді.

Бүгінгі таңда елімізде Интернет жүйесін пайдаланбайтын адамдар жоқтың қасы шығар. Мен де солардың бірімін десем қателеспеспін. Жуырда сондағы жаңалықтар легіне қарап отырып, мынадай бір деректі кездестірдім. Бір жерлес сарапшы «Қазақстанның тәуелсіздік алған жылдары орыс тілінің қолдану аумағы 62 пайызды құрап, он жылдан кейін 72 пайызға жоғарылаған, қазіргі таңда 82 пайызға жеткен, таяу бес-алты жылда, әрі кетсе 10 жылда 85 пайызға жетуі мүмкін. Алайда бұл құбылыс қоғамымыздың өркендеп, дамуына еш кері әсерін тигізбейді, өйткені жер шарының бірде бір мемлекетінің дара тілі болмайды», деп қорытынды жасапты. Егер оның мәліметіне сенсек жағдай біршама күрделі деуге негіз бар. Назар аудармайын десең тілімізді қолдану-дағы күнделікті жағдайға өзіміз де куә болып жүрміз.

Егер орыс тілін қолдану осылайша жалғаса берсе деңгейі әлі де жоғарылай береді ақиқат. Ол түбінде кезіміз болатын. Сынақ алушы жас қыз бен жігіт, қалай өтетінімізді түсіндіру барысында, бірінші шартта қазақ тіліне қатысты сұрақтар беріледі, шынын айтқанда оған аса тоқтап, уақыт кетірмеңіздер ол есепке алынбайды, бастылары «ҚР Мемлекеттік қызмет туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұру туралы», т.б. заңдар екенін атады. Қызметке қабылданғаннан соң үш жылдан кейін, мерзімі келіп сынақтан қайта өту кезінде бағдарламада қазақ тілі мүлде болмады.

Тағы да бір ескерілер жай еліміз тәуелсіздік алған жылдары республикамызда тілдердің қолданыс аясын дамыту мақсатында, негізгі міндеттері ҚР «Тіл туралы» заңының қағидаларының орындалуын қадағалау, мемлекеттік құқық қорғау органдары қызметкерлерімен бірлесіп рейдтер жүргізу, кәсіпорын-мекемелердегі іс-қағаздарын жүргізуді, көшелерге ілінген жарнамалардағы жазуларды, т.б. тексеріп, қателер орын алғанда түзетуге уақыт беріп, орындалуын қадағалап отыратын облыстық тіл басқармалары және олардың аудандық филиалдары құрылған болатын. Осы құрылымдардың кезінде қазақ тілінің қолданылу аясын кеңейтуге, қате жазуларға жол бермеу шараларына біршама үлестерін қосқанын сеніммен айта аламын. Егер олар қайта жаңғыртылып, қосымша өкілеттіліктер берілсе біршама игі істер атқарылар еді.

Бүгінде көше жарнамаларында қазақ тілінде жіберілген көптеген қателіктер, оны жіберушілерге ескерту жасау аудандық өңірлер былай тұрсын, облыс орталығы Көкшетау қаласында да назардан тыс қалған сыңайлы.

Тілді дамытуды әр жеке тұлға өзінен бастауы керек. Ол үшін қазақ екенің, оның ішінде қазақ тілі үшін жауапты екенін жете сезініп, өз тілін мақтан тұтатындай дәрежеге жетуі керек.

Осы мәселеге қатысты бір мысал келтірейін Зеренді елдімекенінің орталығына жақын жерде, жергілікті тұрғындар «өзбектердің дүкені» деп кеткен «Азиз» атауындағы азық-түлік сауда орны жұмыс істейді. Сатушылары түгелдей осы ұлттың өкілдері. Олар келген тұтынушыларға қазақша не орысша жауап бергендерімен, бір - біріне бұрылғанда өз тілдерінде сөйлесе бастайды, олардың бірі әріректе тұрса дауыстарын қатты шығарып, ғимараттың ішін жаңғыртып жібереді. Біреуге ұнамайды-ау деп еш қымсынбайды. Әрекеттерінде мен өзбекпін, қашан да өзбек болып қаламын деген өз ұлтына деген аса құрметтің жатқаны ақиқат. Осы ерекшелік біздің қандастарымыздың бойында жоқ деуге аузы бармайды. Дегенмен басқа ұлт өкілдері тұрғанда өз тілімізде сөйлеуде әлі де жасқаншақтық танытудамыз.

Сөз соңында құрметті қандастар, уақытты жіберіп алмай мемлекеттік тілімізді дамытуға атсалысайық, қайда жүрсек те қазақша сөйлеп қолдану аукымын кеңейтейік, тіліміздің болашағы өз қолымызда екенін ұмытпайық дегім келеді.

Қайрат ҚАЗИЯКПАРОВ.

(бізге жақсылық әкеледі десек қателесетініміз айдан анық. Әрине көршімен тату болғанға не жетсін. Дана халқымыз «Көрші қақысы, тәңір қақысы» деп тегін айтпаған болар. Дегенмен аталған үрдістің қазақ тілінің болашағы үшін қаупі де жоғары. Күні ертең ресейлік саясаткерлердің қазақ халқы өз тілдерін мемлекеттік деңгейге көтере алмай, барлық салаларда, қоғамдық қарым-қатынаста орыс тілін кеңінен пайдаланып отырғандарына қарамастан, оған тиісті, атап айтқанда мемлекеттік тіл құзырын бермей отыр, онымен қоймай орыстілді хабарлардың таралуына шектеу қоюда, деп кінә тақпасына кім кепілдік бере алады, «жаман айтпай жақсы жоқ» дегендей бетін аулақ қылсын әрине, алайда уақыт өте жағдай дәл осылайша қалыптасса елімізде осы ағаттығымызға кінәлі жандарды таба аламыз ба? Тапқанның өзінде не өзгереді, ол туралы әңгіме қозғаудың өзі қорқынышты... Сондықтан да тіліміздің болашағы үшін тереңінен ойланатын уақыттың келгені анық...

Ел азаттығын армандаған ғұламамыз Әлихан Бөкейханов «Кім қай тілде сөйлесе, сол мемлекетке қызмет етеді» деген екен. Осы терең мағыналы тұжырымға жерлестеріміздің әлі де жете мән бермей келе жатқаны өкінішті-ақ. Керісінше орыс тілін қолдануда, насихаттауда әлем бойынша алдыңғы қатарда келе жатқанымыз шындық. Жағдайдың осылайша қалыптасуының дәлелді себептері жетерлік, Ресей патшалығының үстемдік жүргізген кезеңдері, Кеңес Одағының қоғамымызды орыстандыру бағытында жүзеге асырған кең ауқымды саясаты, республикамызға әр ұлттар өкілдерінің әртүрлі себептермен көптеп қоныстандырылуы, жергілікті мемлекеттік органдардың асыра сілтеушілік қадамдарының нәтижесі қазақ тілінің қолдану аумағын айтарлықтай тарылтқаны, дәлірек айтқанда құлдыраудың тұңғиығына жібергені, өз ұлтымыз өкілдерінің орыс тілінің ұлылығын санасезімі былай тұрсын қандарына тереңінен сіңіруі және т.б.

Қалай десек те, тағдыр тәлкегіне қанша реніш білдірсек те оның бәрі өткен кезең. Оны қайталай бергеннен ешнәрсенің өзгермейтіні де сезсіз. Өмір ағымы жалғасуда. Қазіргі кезеңде қазақ тілінің қолданыс аясын кеңейтуде не істеу керек? Оң өзгерістерді мемлекеттік қызметтен бастау, мемлекеттік органдарға қабылданатын үміткерлер осы тілден сынақтан өтуі негізгі шарттардың бірі болуы және талап деңгейі өте жоғары болуы қажет деген ойдамын. Осы жерде өзімнің де осыдан жиырма шақты жыл бұрын мемлекеттік қызметке кіруге сынақ тапсырғанымды айта кетейін. Компьютерді әлі жете меңгере алмаған)

Тарихтың өшпес беттері

Ауданның тың шежіресі

Тың игеру - елеулі оқиғалардан, қуаныштар мен күйзелістерден өрілген. Олардың жылнамасына «Ғасырлар бойы адамның қолы тимеген жерді игеруге өз үлесімді қостым» деген жолды қоса жазуға болады. Бұл 50-ші жылдардағы ұрпақтардың өмірбаяны. Адамдар егін өсірді, тың адамдарды көтерді. Тың игеру жылдарында ауданымыздың 2500-ден астам еңбек озаттары жоғары үкіметтік наградалармен марапатталды. Әр ұлттың өкілдері иық тіресе жұмыс істеді. Қиындықтарды бірігіп жүріп еңсерді, нәтижелі жұмыс істеді, ортақ тұрмыстарын жақсарту мақсатында еңбек етті.

Жалпы тың игеру эпопеясына қысқаша тоқтала кетсек,1954 жылы КОКП ОК-ң шешімі бойынша мемлекетте егістік көлемін ұлғайту үшін Солтүстік Қазақстан, Сібір, Орал және Солтүстік Кавказ аймақтарында тың жерлерді игеру басталды. Дегенмен аталған жерлердің топырақ құнарлығы төмен, ылғалдылығы жеткіліксіз, әрі қолайсыз болатын. Ол жерлердегі шаруашылық негізінен артта қалған және агротехникалық әдістерді толық меңгермеген өңірлер еді. 1954 жылдың күзіне қарай тағы да 250 совхоз құрылды. Осы жаңа жерлерді игеруге жұмысшы күшін елдің батыс бөлігінен әкеліп, оларға бірқатар жеңілдіктер жасалды. Мысалы, көліктермен тегін жүру, 1 мың сомға дейін ақшалай көмек, баспана салып алуларына – 10 жылға дейін 20 мың сом, 2 мың сомға тарта ақша – мал өсіруіне көмек ретінде берілді. Ондай адамдарды ауылдық жердің салығынан – 2 жылға немесе 3 жылға дейін босатты.1954-1959 жылдары барлық тың игеруге кеткен шығын 20 млр. сомды құрады. Бүкіл Одақтағы сияқты, Қазақстанның ауыл шаруашылығы да халықтың азыққа және өнеркәсіптік шикізатқа деген қажеттілігін қанағаттандыра алмады. Астық өнімдерінің тапшылығы айқын сезіле бастады. 1946-1950 жылдары егістік жердің әр гектарынан алынған өнім орта есеппен 5-6 центнер ғана болды. Дағдарыстан шығу үшін өндірістік қатынастар жүйесін өзгерту, атап айтқанда, нарық қатынастарына көшу керек болатын. Бірақ, ол кезде мұндай әңгіме қозғау мүмкін емес еді. Билік басындағылар мәселені экстенсивті жолмен - кең ауқымда тың жерлерді игеру әдісімен шешуге кірісті.

1953 жылдың соңында тың игеруге қатысты мәселелер Одақ деңгейінде қызу талқыланып жатты. Жарамды жерлері мол Орал мен Сібірмен қатар Қазақстан да аталып жүрді. «Жерді жаппай жыртып тастау дәстүрлі мал шаруашылығын дамытуға зиян келтіреді» деп санаған республика, партия ұйымының басшылары орнынан алынды. Орталықтың нұсқауы бойынша Қазақстан КП Орталық комитетінің бірінші хатшылығынан Ж.Шаяхметов түсіріліп, оның орнына П.К.Пономаренко сайланды.

Тың және тыңайған жерлерді игеру туралы шешімге сәйкес 1954 жылдың 23 ақпан-2 наурызында КОКП орталық комитетінің пленумы өтіп, онда «Елде астық өндірісін әрі қарай арттыру және тың және тыңайған жерлерді игеру туралы» мәселе қаралды.Онда 1954-1955 жылдары тың жерлерді игеру есебінен дәнді дақылдар егісі аумағын 13 млн гектарға арттыру, ол жерлерден 1100-1200 млн. пұт астық, соның ішінде 800-900 млн. тауарлы астық алу көзделді.

Тың игеру республиканың солтүстік өңіріндегі 6 облысында — Ақмола, Көкшетау, Қостанай, Павлодар, Солтүстік Қазақстан,Торғай облыстарында жүргізілді. 1954 жылдың өзінде-ақ тың көтеру жөніндегі жоспар артығымен орындалды. КСРО-да жоспарланған 13 млн. гектардың орнына, 19 млн. гектар жер жыртылды, оның ішінде Қазақстанда 8,5 млн гектар тың жер жыртылды. 1955 жылы тың жерлерде жоспарланған 7,5 млн га орнына 9,4 млн га жер жыртылды. Тың игерушілер айтарлықтай көрсеткішке 1956 жылы ғана жетті. Бұл жылы республика 16 млн. тонна астық жинап, мұны 1 млрд пұт деп ауыз толтыра айтып жүрді. 1956 жылы тың жерлердегі дәнді дақылдар егуге арналған жер көлемін 28-30 млн. гектарға дейін жеткізу міндеті қойылды. Ғалымдардың тың жерлерді осыншама кең көлемде игеру өзін-өзі ақтамайтындығы туралы пікірлерін ешкім есепке алмады. 1956-1958 жылдары республикада тағы да 4,8 млн гектар тың жер игеріліп, егіс аумағы 28,6 млн гектарға дейін өсті. Мұның ішінде дәнді дақылдар егісінің аумағы 23,2 миллион гектар еді. Республикада техникалық дақылдар, көкөніс, жем-шөп өндіру де ұлғайтылды. Қазақстанда 1954-1960 жылдары 25,5 млн. гектар тың және тыңайған жерлер игерілді.

Тың игеру кезінде еңбекші бұқараның ерен ерлігі нәтижесінде Қазақстанда астық өндірудің көлемі артты. Тың көтеру біздің Зеренді мен Көкшетау аудандарының экономикалық, мәдени және өзге салаларының түр сипатын өзгертіп қана қоймай, оның дамуына да оңды ықпал етті. Тың эпопеясының бірінші екіжылдығында ауданда 4500 гектардан аса жер игерілді. Осы кезеңде «Красноармеец» колхозының председателі болып қызмет жасаған Социалистік Еңбек Ері С.Колбаскин марқұмның айтуынша: «1953 жылы колхозға Украина, Белоруссия, Удмуртия, Кострома, Киров облыстарынан жаңа қоныс аударушылар келе бастады. 1954-1956 ж.жж. Зерендіге 189 жанұя көшіп келді. Әрине, адамдарды орналастыруда көптеген қиындықтар туындады. Ауыл тұрғындары тыңгерлерді қонақжайлылықпен қарсы алып, өз жанұяларына қабылдап жатты. Тыңның бірінші көктемінде колхоз 492 гектар жер жыртылып, бидай егілді. 1953 жылы бидай егістігі 3131 гектарды құрап, өнім гектарына 4 центнерден аспай, табыс 591000 сомды құрады. 1956 жылы бидай тұқымдас егістік көлемі 1953 жылдан екі еседен асып 7790 гектарға жетіп, шаруашылықтардың табысы 6,0 миллион сомды құрады. Екі жылдың ішінде 170 үй салынып, жаңа көшелер пайда болды. Сол жылдары Б.И Черепанов, Ф.Е. Баранов, Б.И. Николаев, С.С. Васильев сынды азаматтар өздерін мықты ұйымдастырушы, өз ісінің үздік мамандары екендігін көрсетті. Барлығы 1956 жылғы жақсы өнім үшін Еңбек Қызыл Ту орденімен марапатталды. Бізге комсомолдық жолдамамен Николай Бородин мен Виктор Камлотов келіп, осында жанұялы болып, жер өндеудің қас шеберлеріне айналды».

Қазіргі таңда Зеренді ауылында «Красноармеец» колхозының председателі болып қызмет атқарған Социалистік Еңбек Ері С.Колбаскинге бір көшенің аты берілген.

Тың игеруге әртүрлі ұлт өкілдері: орыстар, украиндықтар, литвалықтар және тағы басқа ұлт өкілдері келді. Тың игерушілердің қатарында ертеден осы жерде өмір сүрген жергілікті ұлт өкілдері де тың игеруге келгендермен иық тіресе еңбек етті. Үлгілі тракторлы-егістік бригадасының бригадирі, Социалистік Еңбек Ері Е. Бақтаев былай деп жазады: «Менімен шамалас жастардың еңбек жолдары тың және тыңайған жерлерді игерумен тура келді.Қазақстанға еңбекшілер елдің барлық жақтарынан келіп жатты. Біздің жігіттер де «темір тұлпарды» игеріп алды. 1953 жылы Зеренді машина трактор станциясына қарасты біздің №18 тракторегістік бригадасында небары үш доңғалақты трактор, егістік алқабы 900 гектар болды. Техника мен тіркемені айтпағанда механизаторлар да жетіспеді. Бізде бар жоғы 10-12 адам болды. Мен және менің жолдастарым бір тракторда жұмыс істедік. Ол жылдары егін шығымы орта есеппен бір гектарға 8 центнерден аспайтын. 1954 жылы сол тракторлармен біз ғасырлар бойы жыртылмаған тың жердің 370 гектарын жырттық. 1960 жылы біздің «Дружба» атындағы колхоз жаңадан құрылған КОКП-ның 20 съезі атындағы кеңшарға кіріп, егістік алқабы 2500 гектарға дейін өсті. Механизаторлардың саны, күш қуаты артты. Біз өндірісі жоғары, қуатты комбайндар алдық. 1977 жылы екі бригаданың негізінде Үлгілі арнайы шаруашылығы құрылды. Осы аралықта арнайы шаруашылық 700 мың сомнан астам пайда тапты. Малшылар жақсы жетістіктерге жетіп, жаңа үйлер салынып, ауыл өсуде».

(Жалғасы 3-ші бетте).

Ауданның тың шежіресі

Фотосуретте Социалистік Еңбек Ерлері - Баян Жаңғалұлы Жаңғалов және Ералы Шапайұлы Бақтаев

(Соңы. Басы 2-ші бетте).

Баян Жаңғалұлы Жаңғалов 10 жылдан астам уақыт басқарған Зеренді ауданында [illegible] көрсеткені үшін Ленин ордені мен Социалистік Еңбек Ері атағының Алтын Жұлдызы табысталды.

Тың игерудің алғашқы жылдарында бұрынғы Көкшетау (қазіргі Зеренді) ауданында жаңа шаруашылықтар - «Раздольный», «Симферопольский», «Александровский» астық өсіру шаруашылықтары ұйымдастырылды.

Симферопольское ауылы 1954 жылы құрылған. Бүгінде біз Мәскеуден, Ленинградтан, Украина мен Белоруссиядан келген алғашқы тың игерушілердің есімдерін құрметпен атаймыз. Олардың қатарында Сябрук Николай Федорович, Светлана Пипченко, Иван Иванович Александров, Виктория Федоровна Александрова, Иван Степанович Белов, Мария Яковлевна Горобец, Гордеева Таисия Алексеевна және басқа да көптеген комсомол- патриоттар еңбек етті. Ол кезде алғашқы тың игерушілер вагондар мен шатырларда тұрды, ал алғашқы техникалық жарақтандыру 36 жаңа трактор болды.

1956 жылдың өзінде жаңадан құрылған «Симферополь» кеңшары егіс алқабының гектарынан 30 центнерден өнім алды. Шаруашылықтың дамуына үлкен үлес қосқан кеңшар директорлары Талғат Ахметұлы Тегизов, Халық Мулич Молдыбаев, Даниил Ефимович Масалкин, Отто Филиппович Руди, Александр Васильевич Ермолов, Ибраш Манатович Манатов, Бақытжан Жақанұлы Ахметов, Марат Оразбайұлы Шәмшінұров, Ежов Александр Александрович, Нұрболат Шәріпұлы Шәріпов. Бірінші агрономы - Кабо Констанция Александровна және бас инженері Путинцев Александр Иванович болды. Шаруашылық жетекшілерімен бірге партиялық ұйымның хатшылары - Сергеев Николай Петрович, Жакенов Елубай Жакенұлы, Садуов Мүбәрәк Сәдуұлы, Басенов Базарбай Қалымұлы, Сайдалинов Бексейіт Зекенұлы, Цехменструк Александр Адамович, ауылдық Кеңестің төрағалары Жүсіпов Орынғазы, Оразалин Айтмұхамбет, Алабина Людмила Яковлевна, Клипперт Андрей Давыдович, Бочковский Иван Тимофеевич жұмыс істеді. Ауыл азаматтары елдің дамуына елеулі үлес қосқан батыр-еңбеккерлердің есімдерін есте сақтап мақтанышпен айтып жүреді. Олар Полудницин Влади-

[illegible] лов тағайындалды. Алғашқы тың игерушілер арасында механизатор болып жұмыс істеген Пехота Анна Павловнаны атап өту керек. Ол «Тың және тыңайған жерлерді игергені үшін» медалімен марапатталды. Комбайншының көмекшісі болып, кейіннен құрылыс бригадасында жұмыс істеген Борислава (Толстых) Раиса Федоровна «Құрмет белгісі» орденімен, «Тың және тыңайған жерлерді игергені үшін» медалімен марапатталған. Бірінші тыңгерлер қатарында Грицкевич Александр Владимирович, Горянин Валентин Михайлович, Дятел Тамара Федоровна, Козлов Иван Митрофанович, Новик Иван Николаевич, Ахмедзянов Минула және т.б. бар.

«Раздольный» астық шаруашылығы 1954 жылы құрылған. Бірінші директор болып П. Сорокоумов тағайындалды. Гроднено облысынан комсомол жолдамалары бойынша 168 адам келді. Олар - Синягин Виктор Николаевич, Паневский Павел Митрофанович, Церешко Бронислава Семеновна, Рак Болеслав Альбинович, Урбанович Николай Алексеевич. «Раздольный» кеңшарының бұрынғы директоры В.Г. Заваданың естеліктері бойынша: «Кеңшардың басшылық етуші штабы көршілес Куропаткино ауылында болған, ал келген тыңгерлер шатырларға орналастырылған. Тың игерудің алғашқы жылдары шаруашылық мемлекетке үш мың тонна астық, төрт тонна ет, 27 тонна сүт тапсырды. Адамдарға үлкен қиындықтарды еңсеруге тура келді. Ауылда мектеп, клуб, балабақшалар мен бөбекжайлар, асханалар болмады, тұрғын үйлер жетіспеді. Бірақ тұрмыстық қолайсыздықтар алғашқы тың игерушілердің сағын сындыра алмады. Олар бәрін өз қолдарымен жасау керектігін түсінді. Осылайша «Раздольный» тың кеңшары аудандағы ірі, жоғары механикаландырылған шаруашылықтардың бірі болды. Кеңшарда екі сегізжылдық және бір орта мектеп, 135 орындық бөбекжай-балабақша салынды. Кеңшар халқының тұрмысы да жақсарды. Барлық пәтерлер газдандырылған, су құбыры, орталық жылу жүйесі тартылды. Орталық мекен заманауи әдемі кент- ке айналды, оны үлкен саябақ безендіріледі, барлық көшелер көгалдандырылды.

1956 жылы Зеренді ауданында «Социалистік жол» газетінің №96 санында былай деп жазылған: [illegible] гектарына 15,8 центнерден өнім жиналды. [illegible] 1953 жылмен салыстырғанда аудан бойынша астық өнімдерін жинау 2,9 есеге [illegible].

Жалпы 1940-1950 жылдар ішінде Қазақстанда 15 жаңа қала, 86 қала түрпатты поселке, жүздеген шағын елді мекендер пайда болды. [illegible] жағдай, тиісінше ет, сүт өнімдерінің тапшылығын туғызды. Оның басты себебі, әкімшіл-әміршілік басқару жүйесінің ауыл шаруашылығын жүргізудегі сауатсыз әрекеттерінен болатын. Мал шаруашылығының материалдық-техникалық жабдықталуы өте төмен деңгейде қала берді. Соғыс жылдарындағы қиындық, тың игеруге байланысты жайылым мен шабындықтың тарылуы бұл саланың дамуына тежеу болды. Тың игерудің арқасында сол жылдары Солтүстік Қазақстан, Целиноград, Қостанай Көкшетау облыстарының шошқа өсіруден Ресейдің Архангельск, Новгород, Калуга, Кострома, Ярославль облыстарының өзінен асып түссе, ал қой, жылқы саны аса төмендеп кетті. Біраз жылдан кейін-ақ астық өндіру қарқыны төмендеп, тыңның берері азая бастады. Алтыншы бесжылдық (1956-1960 ж.ж.) жоспардың орындалмауын көрер көзге жасыру үшін жарияланған жетіжылдық (1959-1965 жж.) жоспардың өзі орындалмады. Республика бойынша жалпы өнім өндіруді 70%-ға арттыру көзделгенімен, іс жүзінде ол 15%-ға ғана артты.Ауыл шаруашылығының өндірісі мен халық санының өсуінен тұрғын үй салу қарқыны мен мәдени-тұрмыстық қызмет көрсету ісі айтарлықтай артта қалды. Бұл жағдай тың игерген облыстардың бәріне тән еді. Тың

игерудің алғашқы 2 жылында республикаға барлығы 640 мың адам келді.Бірақ олардың 150 мыңы ғана ауыл шаруашылығының механизаторлары еді. [illegible] 1939 жылы 28% болса, 1959 жылы 44%-ға дейін артты. [illegible] Аталған мерзім ішінде Одақ халқы 9,5%-ға көбейсе, Қазақстанда бұл көрсеткіш 52,8% болды. 1959 жылғы халық санағы бойынша, республикада қазақтар саны 2 млн 787 мың, яғни Қазақстанды мекендеген барлық тұрғындардың небәрі 29%-ын құраған. [illegible] бүгінге» атты мақаласында бұл: «1959 жылы санақ жүргізілгенде Қазақстан халқының саны тоғыз

Алғашқы тың игерушілер: Симферополь селосынан, солдан оңға қарай, ерлі-зайыпты Виктория Федоровна және Иван Иванович Александровтар, Николай Федорович Сябрук, Владимир Алексеевич Полудницын, ерлі-зайыпты Николай Иванович және Анна Алексеевна Авсейколар.

миллионға жеткені белгілі болды. Алайда оның 29 проценті ғана республикадағы жергілікті ұлттың, яғни қазақтардың, үлесінде болған», — деп жазады.«Жас Алаш» газетінің 1991 жылғы 18 желтоқсанындағы санында Қ. Жүкеш кеңестік биліктің зардаптары жөнінде айта келе:«1950 жылы тың игеру басталарда Қытай өкіметі 0,6 миллион қазақты туған жерге көшіруге келісім беріп тұрғанда КСРО басшылары одан бас тартып, елдің түкпір-түкпірінен миллиондаған адамды Қазақстанға үйіп-төккенде қазақты өз жерінде ұлттық азшылық ету мақсаты көзделген», деп батыл пікір білдіреді.

«Өлкенің құрылуы, қазақ тілінде шығатын көптеген облыстық, аудандық газеттердің жабылуы, қазақ мектептерін жабудың бәрін лениндік ұлт саясатының бұрмалануы деп түсіну керек. Ақмола облысының тарихи жерлерінің аттары өзгерді. Тың және тыңайған жерлерді игеру кезеңінде белсенділік танытқан газет-журналдар қатарында «Социалистік Қазақстан», «Лениншіл жас», «Қазақстан коммунисі» секілді республикалық басылымдармен қатар облыстық, аудандық газеттер де болды. Көріп отырғанымыздай, Қазақстандағы бұқаралық ақпарат құралдары тың игеруді аңызға айналдыруға атсалысты, сондай-ақ оның ақиқатын ашуға да еңбек сіңірді. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында еліміздің жетекші басылымдары тың игеру кезеңінің кемшіліктерін әшкереледі. Көптеген жылдар бойы тың жерлерді игеру партияның көрегенділігі, мемлекет жеңісі ретінде дәріптеліп келді. Мысалы солтүстік өңірлерде жергілікті ұлт өкілдерімен болған 135 қақтығыстар жайлы ештеңе айтылмады және айтылуы да мүмкін болмады.

Демографиялық ахуалдың орыс тілді тұрғындардың пайдасына қарай өзгеруі қазақ тілі мен мәдениетін ауыр жағдайға түсірді. Қазақша тілдік орта тарылды. Қазақша аудандық, облыстық газеттер жабыла бастады, газеттердің, кітаптардың таралымы азайды. Ақпараттың өзге түрлерінде де жағдай осыған ұқсас болды. Тың игеру науқаны тұсында қазақ халқының өркенін өсірмес тағы бір қадам жасалған. Ол тың өлкесіндегі қазақ мектептерінің жаппай жабылып, саны жағынан күрт кемуіне әкеліп соқты. Дәл осылай етпесе миллиард пұт астық ала алмайтын сияқты көрінеді. Қоғамдық орындарда, экономикалық айналыста, іс жүргізуде орыс тілінің үстемдігі арта берді.Қайта құру жылдары мен тәуелсіздіктің алғашқы кезеңінде көптеген мәселелермен қатар тың игерудің де оңы мен терісі саралана бастады. Ел мен жер, тіл мен дідің мәселесі жөніндегі жылдар бойы тыйым салынып келген ақиқат «қара суды кері ағызды». Тың игеру науқанының Кеңес Одағы экономикасына оң ықпал еткенімен қазақ халқының тағы бір қасіретіне айналғаны да баспасөздің арқасында бізге жетті. Кезінде заман талабымен тың игеруді «ғасыр ғажабына» айналдырған ақпарат құралдары енді басқаша сөйледі. «Тың» ұғымы молшылықтың, еңбектегі үлкен ерліктің белгісі ретінде қалыптасты. Кең дала бойындағы нәрін түгел сығып алуға жаппай ұмтылыс, уақытша дүрлігіс келе келе экологияға да, халықтың әлеуметтік, рухани жағдайына да кері әсерін тигізгенін кеш білдік.

Алғашқы тың игерушілер Раиса Федоровна мен жұбайы, еңбек ардагері Иван Романович Бориславскийлер. Молодежное селосы, 2009 жылдың наурызы.

Тілеген СЕЙФУЛЛИН,
«Зеренді ауданының мемлекеттік архиві» КММ-нің директоры.